

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарын дамытудың 2022 – 2024 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 146-ө өкімі.

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметін одан әрі жетілдіру мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарын дамытудың 2022 – 2024 жылдарға арналған жол картасы (бұдан әрі – Жол картасы) бекітілсін.

2. Жол картасын орындауға жауапты орталық мемлекеттік органдар, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері және өзге де ұйымдар (келісу бойынша):

1) Жол картасын іске асыру бойынша қажетті шараларды қабылдасын;

2) жыл сайын, жартыжылдықтың қорытындылары бойынша 5 қаңтарға және 5 шілдеге қарай Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне Жол картасының іске асырылу барысы туралы ақпарат жіберіліп тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жыл сайын, 20 қаңтарға және 20 шілдеге қарай Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Үкіметіне Жол картасының іске асырылуы жөнінде жиынтық ақпарат ұсынып тұрсын.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2022 жылғы 9 қыркүйектегі
№ 146-ө өкімімен
бекітілген

Ішкі істер органдарын дамытудың 2022 – 2024 жылдарға арналған жол картасы

Р/с №	Атауы	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5
Күтілетін нәтижелер:				
1. Халықтың ІІО-ға сенім деңгейі 2022 жылы – 62 %, 2023 жылы – 63 %, 2024 жылы – 64 %.				
2. Жеке, мүліктік және қоғамдық қауіпсіздікті сезіну 2022 жылы – 70,6 %, 2023 жылы – 73,7 %, 2024 жылы – 76,9 %.				
3. "Мемлекеттік органның жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимылы" блогы бойынша ПМ операциялық бағалау көрсеткішін жақсарту 2022 жылы – 63 балл, 2023 жылы – 65 балл, 2024 жылы – 67 балл.				

1-бағыт. Полиция жұмысының сервистік моделіне көшу және құқық бұзушылық профилактикасының тиімділігін арттыру

1.1	Азаматтық қоғаммен әріптестікте қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі тұжырымдаманы әзірлеу	Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы	2023 жыл	ІІМ
1.2	Қазақстан полициясының "сервистік модельге" көшуі шеңберінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ведомствоаралық топтардың қызметін мониторингтеуді ұйымдастыру	Қ ұ қ ы қ бұзушылықтардың профилактикасы жөніндегі ВАК отырысында қарау	2022 – 2024 жылдар	ІІМ
1.3	Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің сервистік тәсілдерін енгізуді ескере отырып, жергілікті полиция қызметінің жұмысын бағалау өлшемшарттарын қайта қарау	бұйрық	2022 жылғы ІІ жартыжылдық	ІІМ
1.4	Павлодар қаласында клиентке бағдарланған тәсілдерді енгізу тұрғысынан жұмыс процестерін басқарудың тиімді жүйесін құру бойынша пилоттық жобаны іске асыру	пилоттық жоба	2022 жылғы ІІ жартыжылдық	ІІМ
	Жергілікті полиция қызметінің (оның ішінде учаскелік инспекторлар, патруль қызметкерлері, кәмелетке толмағандар жөніндегі инспекторлар), сондай-ақ ЖБО-ның	бұйрықтар	2022 жылғы ІІ жартыжылдық	

1.5	<p>және кезекші бөлімдердің қызметкерлері үшін қоғамдық қауіпсіздікті және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің әртүрлі жағдайларында, олардың құқық бұзушылық анағұрлым көп учаскелерге жақындауы мақсатында патрульдеу маршруттарын жедел өзгерту тетігін қоса алғанда, іс-қимылдардың, оның ішінде " Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 59-бабының тәртібінде шекаралық кеңістіктегі іс-қимылдардың қадамдық алгоритмін әзірлеу</p>	ПКК жоспарларын түзету	2023 – 2024 жылдар	ІІМ, ШҚ ҚБҚД (келісу бойынша)
1.6	<p>Учаскелік полиция инспекторлары қызмет көрсететін учаскелердің шекараларын қайта қарау және жергілікті жерді картаға түсіру жүйесін енгізу</p>	бұйрықтар	2022 – 2024 жылдар	ІІМ
1.7	<p>Қауіпсіз және ж а й л ы инфрақұрылымды қамтамасыз ете отырып, қалалық және ауылдық жерлер үшін үлгілі учаскелік полиция пунктiнiң стандартын бекіту (Нұр-Сұлтан қаласы</p>	бұйрық	2022 жылғы ІІ жартыжылдық	ІІМ, ЖАО

	"Алматы" ауданының № 3 УПП мысалында)			
1.8	Учаскелік полиция пункттерін салу	пайдалануға беру актілері	2022 – 2024 жылдар (жартыжылдық негізде)	ІІМ, ЖАО
1.9	Стационарлық модульдік полиция бекеттерін салу	пайдалануға беру актілері	2022 – 2024 жылдар (жартыжылдық негізде)	ІІМ, ЖАО
1.10	Жергілікті полиция қызметін автокөлікпен жабдықтау	тиесілік нормаларынан 78 %	2022 жыл	ІІМ, ЖАО
		тиесілік нормаларынан 80 %	2023 жыл	
		тиесілік нормаларынан 85 %	2024 жыл	
1.11	Жергілікті полиция қызметін компьютерлік техникамен жабдықтау	тиесілік нормаларының 60 %	2022 жыл	ІІМ, ЖАО
		тиесілік нормаларының 70 %	2023 жыл	
		тиесілік нормаларының 80 %	2024 жыл	
1.12	Қоғамдық тәртіптің сақталуын және жол жүрісін қадағалау мен бақылаудың контактсыз әдістерін енгізу бойынша шаралар қабылдау (АҚШ тәжірибесі, "Drone as First Responder" жобасы, "Ekin-patrol" жүйесі және т.б.)	ЖАО-ға ұсыныстар	2022 жылғы ІІ жартыжылдық	ІІМ
1.13	Қоғамдық орындарда жасалатын құқық бұзушылықтардың профилактикасын күшейту үшін "такси", қоғамдық көлік, жедел медициналық жәрдем, коммерциялық радиоарналар диспетчерлік кезекші қызметтерімен ынтымақтастық орнату	меморандумдар	жыл сайын 20 желтоқсанға дейін	ІІМ

1.14	Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің сервистік тәсілін қалыптастыруда Ішкі істер органдары мен полиция департаменттері жанындағы консультативтік-кеңесші органдар қызметінің мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңестің, сондай-ақ өңірлік қоғамдық кеңестердің жұмысын жандандыру	ПО, ЖАО үшін ұсынымдар	2022 – 2023 жылдар	ІІМ
1.15	"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КеАҚ-қа Қазақстан Республикасының азаматтарын қайталама құжаттандыру бойынша қызмет көрсетуді кезең-кезеңімен беру	бірлескен бұйрық	2022 жылғы ІІ жартыжылдық	ІІМ, ЦДИАӨМ
1.16	"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КеАҚ-қа шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға тұрақты тұруға рұқсат беру туралы құжаттарды қабылдау және беру жөніндегі функцияларды кезең-кезеңімен беру	бірлескен бұйрық	2023 жылғы ІІ жартыжылдық	ІІМ, ЦДИАӨМ
	Мүдделі тараптарды көші-қон заңнамасын сақтауға ынталандыру	пилоттық жоба	2023 жылғы ІІ жартыжылдық	

1.17	жолымен көші-қон ағындарын "көлеңкелі" сектордан шығару бойынша практикалық және заңнамалық шараларды әзірлеу	" РСКҚ	2024 жылғы III тоқсан	ІІМ, Еңбекмині, ҰҚК (келісу бойынша)
2-бағыт. Қылмысқа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметті жетілдіру және қылмыстық процесті жаңғырту				
2.1	Азаматтық қарудың ұрлануына және заңсыз айналымға түсуіне жол бермеу мақсатында оның сақталуы мен пайдаланылуы бақылауды күшейту жөніндегі шараларды жетілдіру	бұйрық	2022 жылғы желтоқсан	ІІМ
2.2	Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес бөлімшелерінің қызметкерлері үшін осы саладағы озық халықаралық практикаларды ескере отырып, жұмыстың жаңа нысандары мен әдістерін енгізуді көздейтін әдістемелік ұсынымдар әзірлеу	әдістемелік ұсынымдар	2023 жылғы I жартыжылдық	ІІМ
2.3	Ұйымдасқан қылмыс желісі бойынша ведомстволық есепке алуды қалыптастыру жөніндегі жұмысты жетілдіру	бұйрық	2023 жылғы I тоқсан	ІІМ
2.4	Қайталама виктимизация фактілерінің профилактикасы мақсатында адам саудасының құрбаны болған адамдарды жұмысқа орналастыруға жәрдем көрсету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2022 жылғы II жартыжылдық	Еңбекмині, ІІМ

	жөніндегі шараларды тұжырымдау			
2.5	Терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманың өзгерістерін ескере отырып, террористік тұрғыдан осал объектілердің басшылары мен персоналы үшін олардың терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі әдістемелік ұсынымдар әзірлеу	әдістемелік ұсынымдар	2022 жылғы II жартыжылдық	ІІМ
2.6	Халықаралық тәжірибені зерделеу және егер іс-әрекеттерде қылмыстық жазаланатын әрекет белгілері болмаса, дін, ұлт, нәсіл, тіл, әлеуметтік жағдай уәждері бойынша өшпенділікті не алауыздықты қоздыруға бағытталған іс-әрекеттер үшін әкімшілік жауаптылықты белгілеу жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау	БП жанындағы Қылмыстық заңнаманы қолдану практикасын мониторингтілеу және қорыту жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобына ұсыныстар	2023 жылғы I тоқсан	ІІМ
2.7	Қылмыстық кодекстің 174 ("Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру") және 256-баптарының ("Терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін	БП жанындағы Қылмыстық заңнаманы қолдану практикасын мониторингтілеу		ІІМ

	жасауға жария түрде шақыру") санкциясына "сот шешімі бойынша мәжбүрлеп теологиялық оналту " түріндегі қосымша жазаны енгізу жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау	және қорыту жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобына ұсыныстар	2023 жылғы I тоқсан	
2.8	"Е-ҚІ" модулінде қылмыстық істерді тергеу практикасын кеңейту	қылмыстық істердің 90 %-ына дейін	2022 жылғы желтоқсан	ІІМ
2.9	Киберқылмыстар және интернет-алаяқтық саласындағы қылмыстарды тергеу кезінде полицияның қызметіне компьютерлік зерттеулерді енгізу мәселесін пысықтау	пилоттық жоба	2024 жылғы II жартыжылдық	ІІМ
2.10	ІІО - ның жедел-криминалист и к а л ы қ бөлімшелерінің қызметіне жеке б а с т ы биометриялық сәйкестендіру жүйесін (бейнесуреттердің талдамасы) енгізу жөнінде шаралар қабылдау	пилоттық жоба	2024 жылғы IV тоқсан	ІІМ
3-бағыт. Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету				
3.1	Мыналар: жол-көлік оқиғаларынан болатын экономикалық шығындарды бағалау; жол жүрісі қауіпсіздігі жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру қағидаларын бекіту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар		ІІМ, ИИДМ

	жөніндегі уәкілетті органды айқындау		2022 жылғы II жартыжылдық	
3.2	Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру үшін БП ҚСЖАЕК "Авариялылық картасында" автомобиль жолдарының авариялық қауіпті учаскелерін белгілеу	бірлескен бұйрық	2022 жылғы II жартыжылдық	БП (келісу бойынша), ПМ, ИИДМ
3.3	Ел өңірлерінің рейтингін жасай отырып, жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын әзірлеу	Қ ұ қ ы қ бұзушылықтардың профилактикасы жөніндегі ВАК шешімі	2023 жыл	ПМ
3.4	Уәкілетті органдардың жол жүрісі саласындағы жұмысының тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды әзірлеу үшін елде осы саладағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету деңгейі туралы қоғамдық пікірге мониторинг жүргізуге бастама жасау	ЖАО-ға ұсыныстар	2022 жылғы желтоқсан	ПМ, ЖАО
3.5	Балаларды көшелер мен жолдарда қауіпсіз жүріс-тұрыс дағдыларына оқыту бағдарламаларын жетілдіру	ОМ-ға ұсыныстар	2022 жылғы II жартыжылдық	ПМ
	Автомектептердің қызметін бақылау жөніндегі уәкілетті органды айқындай отырып,			

3.6	жүргізушілерді жол жүрісіне қатысуға даярлау және рұқсат беру жүйесін нормативтік құқықтық реттеуді жетілдіру жөніндегі шараларды тұжырымдау	Қазақстан Республикасы Үкіметіне ұсыныстар	2022 жылғы II жартыжылдық	ІІМ
3.7	Диагностикалық орталықтардың қызметіне қойылатын талаптарды қайта қарау арқылы көлік құралдарын міндетті техникалық байқаудан өткізу сапасын арттыру	ИИДМ-ге ұсыныстар	2022 жылғы II жартыжылдық	ІІМ
3.8	Көше-жол инфрақұрылымын жақсарту жөніндегі шараларға бастама жасау (оның ішінде реттеу мен бақылаудың техникалық құралдары, жасанды жарықтандыру, тротуарлар, жаяу жүргіншілер жолдары, жасанды тегіс емес жерлер, жерүсті және жерасты жаяу жүргіншілер өткелдері)	ИИДМ-ге, ЖАО-ға ұсыныстар енгізе отырып, жолдарды зерттеп қарау	2022 – 2024 жылдар	ІІМ
3.9	Елді мекендерде транзиттік әлеуетті жетілдіру және көлік жүктемесін төмендету жөніндегі шараларды тұжырымдау	ИИДМ-ге ұсыныстар	2022 – 2024 жылдар	ІІМ
3.10	Жол жүрісі саласындағы заңнамалық базаны жетілдіру	РСКҚ	2023 жылғы II жартыжылдық	ІІМ
	"Қорғау – қауіпсіз жүргізуші" пилоттық жобасын			

3.11	масштаптау арқылы жол жүрісін автоматты қадағалаудың тиімділігін арттыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне Ақпарат	2022 жылғы желтоқсан	ІІМ
4-бағыт. ІІО-ның цифрлық инфрақұрылымын дамыту				
4.1	Аумақтық ІІО-ға шығара отырып, облыс орталықтарын, республикалық маңызы бар қалаларды және астананы бейнебақылау жүйесімен кезең-кезеңімен тұтас қамту	138 мың бірлікке дейін	2022 жыл	ІІМ, ЖАО
		166 мың бірлікке дейін	2023 жыл	
		207 мың бірлікке дейін	2024 жыл	
4.2	Күнделікті мониторинг, криминогендік ахуалды болжау, сондай-ақ осы негізде процестерді жедел басқару бойынша ІІМ Ахуалдық талдау орталығының қызметін жетілдіру	ақпараттық жүйелердің функционалын дамыту	2022 – 2024 жылдар	ІІМ
4.3	"Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру" АШМ ақпараттық жүйесіне патрульдік полиция қызметкерлеріне рұқсат беру мәселесін пысықтау	АШМ-ға ұсыныстар	2022 жылғы ІV тоқсан	ІІМ
4.4	ӘҚББТ-ге қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, электрондық әкімшілік іс жүргізуге толық көшу үшін полиция бөлімшелерін планшеттермен кезең-кезеңімен жаратқандыру	тиесілік нормасынан 40 %	2022 жыл	ІІМ, ЖАО
		тиесілік нормасынан 60 %	2023 жыл	
		тиесілік нормасынан 80 %	2024 жыл	

4.5	БП ҚСЖАЕК " ӘҚББТ" ӨО АЖ-ға ақылы автомобиль жолдарында Жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды тіркеу жүйелерін қосу мәселесін пысықтау	ИИДМ-ге ұсыныстар	2022 жылғы IV тоқсан	ІІМ
4.6	Жол-көлік оқиғалары туралы материалдарды полиция қызметкерлерінің қатысуынсыз оңайлатылған ресімдеу үшін " Еурохаттама" мобильдік қосымшасын ендіру	пайдалануға беру	2023 жылғы I жартыжылдық	ІІМ
4.7	Ж Б О бағдарламалық қамтылымын жетілдіру және дамыту, оның ішінде полицияның кешенді күштерінің жасақтарын бақылау, сондай-ақ "102" қызметінің азаматтардың жолданымдарына қызмет көрсетуі бойынша шаралар қабылдау	пилоттық жоба	2023 жылғы I жартыжылдық	ІІМ
4.8	Ж е д е л бөлімшелердің қызметінде қылмыстық құқық бұзушылықтарды, оның ішінде мыналарға: терроризмге, экстремизмге; есірткі қылмысына; қарудың заңсыз айналымына; алаяқтық пен қаржы пирамидаларына; киберқылмысқа; өмірге, денсаулыққа және жыныстық қолсұғылмаушылық	бағдарламалық қамтылымның және		ІІМ

	ка, ең алдымен кәметке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы іс-қимыл саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу үшін бағдарламалық өнімдер мен жабдықтарды қолдану жөніндегі халықаралық тәжірибені зерделеу.	жабдықтардың таныстырылымы	2022 – 2024 жылдар	
4.9	Жеке басты куәландыратын құжаттарсыз тұрғаны үшін адамдарды әкімшілік жауаптылыққа тарту тәртібін ақпараттық технологияларды қолдану есебінен автоматтандыра отырып, осы процесті жетілдіру	РСКҚ	2023 жылғы II жартыжылдық	ПМ
		пайдалануға беру актілері	2024 жылғы II жартыжылдық	
4.10	Көші-қон заңнамасының сақталуын бақылау саласындағы ақпараттық жүйелерді жаңғырту және жетілдіру мәселелерін пысықтау	пилоттық жоба	2023 жыл	ПМ, Еңбекмині, ҰҚК (келісу бойынша)
		бұйрық	2024 жылғы IV тоқсан	
4.11	Көші-қон қызметтерін ұсыну саласындағы ықтимал процестерді оңтайландыру және автоматтандыру	пилоттық жоба, көрсетім хаттамалары	2023 – 2024 жылдар	ПМ, ЦДИАӨМ, ҰҚК (келісу бойынша)
	Цифрлық құралдарды енгізу арқылы жүргізуші куәлігін алуға теориялық емтихан			

4.12	тапсыруды бақылауды осы салада көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын бір мезгілде жақсарта отырып күшейту	бұйрық	2022 жылғы IV тоқсан	ІІМ, ЦДИАӨМ
4.13	Бюрократиядан арылту, оның ішінде кадрлық мәселелерді цифрландыру жөніндегі шаралар қабылдау	пилоттық жоба	2022 – 2024 жылдар	ІІМ
4.14	Арттехқару-жарақ мүлкін есепке алу жүйесін автоматтандыру жөнінде шаралар қабылдау	пилоттық жоба	2023 жылғы I тоқсан	ІІМ
4.15	Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде құқық қорғау органдарына және Қазақстан Республикасының Адам құқықтары жөніндегі уәкілге сотталғандардың шағымдарын беру үшін терминалдар орнату	қабылдау-беру актісі 122 бірл.	2022 жылғы желтоқсан	ІІМ, ЦДИАӨМ, Қаржымині, БП (келісу бойынша)
		243 бірл.	2023 жылғы желтоқсан	
4.16	"ҚАЖ орталықтандырылған автоматтандырылған деректер базасы" АЖ жетілдіру	АЖ функционалын жетілдіру	2023 – 2024 жылдар	ІІМ, ЖС (келісу бойынша), БП (келісу бойынша), Еңбекмині, Қаржымині, ЦДИАӨМ
4.17	Пенитенциарлық мекемелерде жаппай бейнебақылауды кезең-кезеңімен енгізу	62 ҚАЖ мекемесін қамту	2022 жыл	ІІМ
		17 ҚАЖ мекемесін қамту	2023 жыл	
	ІІМ ішкі аудит қызметінің қазынашылықтың, мемлекеттік кірістер мен қаржылық			

4.18	мониторингтің ақпараттық жүйелері мен дерекқорларына қол жеткізуін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау	бірлескен бұйрық	2023 жылғы IV тоқсан	ІІМ
5-бағыт. Кадрлық әлеуетті жетілдіру және ведомстволық білім беруді дамыту				
5.1	Жеке құрамды кәсіби даярлау жүйесін жетілдіру	сабақтардың, оқу-жаттығулардың, жиындардың жоспарлары	2022 – 2024 жылдар	ІІМ
5.2	Құқық қорғау органдары қызметкерлеріне психофизиологиялық зерттеулер жүргізу әдістемесін жетілдіру	топтар бойынша әдістемелер	2023 жылғы II тоқсан	ІІМ, БП (келісу бойынша), СҚА (келісу бойынша), ҚМА (келісу бойынша), ТЖМ (келісу бойынша)
		пилоттық жоба	2023 жылғы желтоқсан	
5.3	Ішкі істер органдарындағы тәлімгерлік институтын жетілдіру	бұйрық	2022 жылғы желтоқсан	ІІМ
5.4	Б а с ш ы лауазымдарға тағайындалған қызметкерлердің біліктілікті арттыру курстарынан өту практикасын енгізу	бұйрық	2023 жылғы I тоқсан	ІІМ
5.5	Ішкі істер органдары жүйесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу институтын дамыту	СҚА-ға ұсыныстар	2022 жылғы IV тоқсан	ІІМ
5.6	Парасаттылық пен сыбайлас жемқорлық орнықтылығына (Integrity Check) тексеруді енгізу жөніндегі шараларды тұжырымдау, ішкі істер органдарының қызметкерлері мен қызметшілерінің заңсыз сыйақыны	СҚА-ға ұсыныстар	2023 жылғы I тоқсан	ІІМ

	бопсалауы фактілерін анықтау жөніндегі жұмысты күшейту			
5.7	Қызметкерлер мен әскери қызметшілерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндетті оқытуды енгізу	оқу бағдарламалары	2022 – 2024 жылдар	ІІМ, СҚА (келісу бойынша)
5.8	Сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайту мақсатында бір көзден не ішкі істер органдарының жүйесінде ерекше тәртіппен өткізілетін мемлекеттік сатып алу санын қысқарту мәселесін пысықтау	Қаржыминіне ұсыныстар	2023 жылғы III тоқсан	ІІМ
5.9	Асыра жұмыс істеуді болғызбаудың тиімді тетіктерін тұжырымдамай отырып, ішкі істер органдарында регламенттелген жұмыс уақытының қатаң сақталуын бақылауды қамтамасыз ету	шолу нұсқаулығы	2022 – 2024 жылдар	ІІМ
5.10	Ішкі істер органдарының қызметіне жобалық тәсілдерді енгізу	мемлекеттік органдардың жобалық кемелдену рейтингіндегі позицияны жақсарту	2022 – 2024 жылдар	ІІМ
5.11	Алматы (жедел жұмыс, оның ішінде киберқылмыспен күрес және экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша), Қостанай академияларында (қылмыстық-атқару жүйесі желісі	Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Құқық қорғау және сот		ІІМ

	бойынша), Ақтөбе заң институтында (әкімшілік полиция желісі бойынша) бакалавриат бағдарламалары бойынша кадрлар даярлауды енгізу мәселесін пысықтау	жүйелерін реформалау жөніндегі комиссияның шешімі	2022 жылғы II жартыжылдық	
5.12	Бастапқы даярлық тыңдаушыларын даярлауды модульдік оқыту технологияларына көшіру	Қарағанды, Қостанай академияларында пилоттық жобалар	2022 жыл	ПМ
		бұйрық	2023 жылғы I тоқсан	
5.13	ПО психологиялық қызметі қызметкерлерінің кәсіби дамуының бірыңғай жүйесін қалыптастыру	бұйрық	2023 жылғы I тоқсан	ПМ
5.14	І І О қызметкерлерінің барлық санаттары үшін полиция қызметінің сервистік моделін енгізу шеңберінде ведомстволық ЖОО базасында ахуалдық тренингтер өткізу	жыл сайын кемінде 5 тренинг	2022 – 2024 жылдар	ПМ
5.15	Шетелдік жаттықтырушыларды тарта отырып, ведомстволық оқу орындарының базасында не онлайн-форматта жаңа кәсіпкерлерге, оның ішінде киберқылмысқа қарсы іс-қимыл саласында қызметкерлерге оқыту семинарларын, тренингтерді, біліктілікті арттыру курстарын өткізу	оқыту курстары	2022 – 2024 жылдар	ПМ
	Мынадай: қоғамдық қауіпсіздік пен			

5.16	<p>қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің сервистік моделін сапалы енгізуді; қылмысты болжаудың және құқық тәртібіне төнетін өзге де қатерлердің ғылыми-қолданбалы негіздерін; ПО жүйесінде қылмыстық процесті құрудың жаңа конструкциясын ендіруді (проблемалар мен шешу жолдары); алаяқтықтың, қаржы пирамидаларының, кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың тиімді алдын алуды, ашу мен тергеуді көздейтін тақырыптар бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру</p>	<p>(ҒЗТҚЖ жоспары</p>	<p>жыл сайын 20 желтоқсанға дейін</p>	<p>ІІМ</p>
5.17	<p>Ұлттық ұланның Әскери институты (академиясының) филиалдарын Өскемен қаласындағы дағдарысқа қарсы оқу орталығының базасында, Алматы облысының Жетіген кентіндегі Жауынгерлік және әдістемелік даярлық орталығының базасында, Шымкент қаласындағы "</p>	<p>ПӨ-ге ұсыныстар</p>	<p>2023 жылғы ІІ жартыжылдық</p>	<p>ІІМ</p>

	Қаратау" таудағы оқу орталығы базасында құру мәселесін пысықтау			
5.18	Бейіндік пәндер бойынша оқыту үшін ИМ оқу орындарының оқу жабдықтары мен арнайы техникасын жаңарту (Алматы, Қарағанды, Қостанай академиялары, Ақтөбе заң институты, Шымкент және Павлодар қалаларының оқу орталықтары) (оның ішінде көпфункционалды оқу-жаттығу компьютерлік сыныптары: бағдарламалық-талдамалық кешендер; интерактивті тақталар, панельдер, сенсорлық мониторлар; бейнепроекциялау жүйелері; серверлер, экраны бар бейнепроекторлар; криминалистерге арналған жабдықтар, аспаптар, чемодандар, арнайы заттар; тергеушінің портфельдері, цифрлық фотоаппараттар; оқиға орнын үшөлшемді шолып белгілеуге арналған АБК; ноутбуктер, компьютерлер, планшеттер, графикалық	жабдықтарды және бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу		ИМ

	планшеттер, принтерлер, сканерлер цифрлық бейнекамералар және т.б.)		2023 – 2024 жылдар	
5.19	Базасында киберқылмысқа қарсы іс-қимыл саласындағы мамандар даярлау жөніндегі оқу орталықтарын (Қазақстан полигондарды) құру үшін ІІМ Қарағанды және Алматы академияларын материалдық-техникалық жарақтандыру мәселелерін пысықтау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	2023 жылғы ІІ жартыжылдық	ІІМ, ЦДИАӨМ
5.20	ІІМ оқу орындарының (Алматы, Қарағанды, Қостанай академиялары, Ақтөбе заң институты, Шымкент және Павлодар қалаларының оқу орталықтары) ғимараттарын (оқу корпусы, жатақханалар, казармалар, медициналық бөлімдер, асханалар, инженерлік желілер, спорт кешендері, атыс тирлері) күрделі жөндеу	орындалған жұмыстарды қабылдау актісі	2023 – 2024 жылдар	ІІМ
6-бағыт. Қылмыстық-атқару жүйесін жетілдіру				
6.1	МЖӨ шеңберінде Ақтөбе қаласында, Алматы, Маңғыстау және Түркістан облыстарында 1500 орындық 4 мамандандырылған түзеу мекемесін салу жөніндегі	МЖӨ шарты	2022 – 2024 жылдар	ІІМ, ҰЭМ, Қаржымині, Ақтөбе, Алматы, Маңғыстау және Түркістан

	шаралар қабылдау (шарт кестесіне сәйкес жеке әріптестің инвестициялық және операциялық шығындарын өтеу)			облыстарының әкімдіктері
6.2	Өскемен қаласында 1500 орындық қауіпсіздігі аралас мекеме салу бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы түзету	мемлекеттік сараптаманың қорытындысы	2022 жылғы II жартыжылдық	ІІМ, Қаржымині
6.3	ІІМ ҚАЖК № 2 (ЕЦ – 166/5), № 7 (ЕЦ – 166/25), № 30 (АК – 159/6), № 39 (УК – 161/3) мекемелерінде тұрғын блоктарын салу бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы пысықтау	мемлекеттік сараптаманың қорытындысы	2022 – 2023 жылдар	ІІМ, Қаржымині
6.4	ІІМ ҚАЖК № 48 (ЕС – 164/3) (№ 7 жатақхана), № 51 (ЕС – 164/8) (тәртіптік изолятор, № 2 жатақхана), № 79 (УГ – 157/11) (№ 1 жатақхана, асхана) мекемелерінде ғимараттар мен үй-жайларды күрделі жөндеу	орындалған жұмысты қабылдау актісі	2022 жылғы желтоқсан	ІІМ, Қаржымині
6.5	Дамыған елдердің тәжірибесі негізінде Қ А Ж қызметкерлерінің еңбек жағдайлары өзгерген жағдайда және тәуекел дәрежесін ескере отырып, оның ішінде магистр және PhD докторы дәрежесі бар педагогтарды тарта отырып, оларды қайта даярлау біліктілігін арттыру	оқыту курстары		ІІМ

	курстарын ұйымдастыру		2022 – 2024 жылдар	
6.6	Сотталғандардың еңбекпен қамтылуын ұлғайту мақсатында ҚАЖ мекемелерінде жаңа өнеркәсіп объектілерін құру және өндіріс түрлерін (цехтарды) ұлғайту	шағын және орта бизнес субъектілерін тарту	2022 – 2024 жылдар	ІІМ
6.7	Маусымдық және белгілі бір біліктілікті талап етпейтін (жергілікті атқарушы органдар сотталғандар үшін ұйымдастыратын) жұмыстарды қоса алғанда, тегін қоғамдық пайдалы жұмыстар тізбесін өзектеліндіру	жұмыстар тізбесі	2022 – 2024 жылдар (жартыжылдық негізде)	ЖАО, ІІМ

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АЖ - ақпараттық жүйе

АШМ - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі

Әділетмині - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі

ӘҚББТ - әкімшілік құқық бұзушылықтардың бірыңғай тізілімі

БП - Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы

ДСМ - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

Еңбекмині - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

ЖАО - жергілікті атқарушы органдар

ЖБО - Жедел басқару орталығы

ЖС - Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты

ИИДМ - Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі

КЕАҚ - коммерциялық емес акционерлік қоғам

ҚАЖК - Қылмыстық атқару жүйесі комитеті

ҚАЖ - қылмыстық-атқару жүйесі

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

ҚМА - Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі

ҚСЖАЕК - Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет

МЖӘ - мемлекеттік-жекешелік әріптестік

ОМ - Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі

ПӘ - Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі

ПО АЖ - процессинг орталығының ақпараттық жүйесі

ПКК - полицияның кешенді күші

РАА - Республикалық адвокаттар алқасы

РСКҚ - реттеушілік саясаттың консультативтік құжаты

СҚА - Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі

ТЖМ - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі

УПП - учаскелік полиция пункті

ҰҚК - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті

ҰЭМ - Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі

ЦДИАӨМ - Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

ШҚ ҚБҚД - Қазақстан Республикасы Шекара қызметінің Қарсы барлау және барлау қызметі департаменті

ІМ - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі

ІО - ішкі істер органдары